

№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**«Бойжеткен» қыздар ұйымының
2022-2023 жылы атқарған жылдық есебі**

2022-2023 жыл

№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-дегі

«Бойжеткен» қыздар ұйымының 2022-2023 жылы атқарған жылдық есебі

2022-2023 оқу жылында «Бойжеткен» қыздар ұйымының жылдық жоспары бекітіліп, ұйым жетекшісі болып М.Бекзатова болып бекітілді. Ұйымға 5-11 сыныптың қыздары мүше болып, олардың тізімі жасақталды.

Жоспарға сәйкес, ай сайын іс-шаралар, жиындар мен кездесулер өткізіліп отырылды.

Қыркүйек айында 5-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізіліп, әр сыныптан ұйымға төрайымдар сайланып, жұмыс жоспары бекітілді.



Қазан айында күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиын өткізілді. Жиынға мектеп психологы М.Бекзатова, ДТІЖО К.Доспаева, ҚББП Г.Ояева мен сынып жетекшілері қатысты.

Мектеп психологы М.Бекзатова тақырыбында баяндама оқыса, ДТІЖО К.Доспаева қыздарға мектеп формасын сақтау және олардың мектептегі тәртібі туралы айтып кетті. ҚББП Г.Ояева мектепте қыздарға арналған үйірмелер ашылатын айтып, бос уақыттыарын тиімді пайдалануға шақырды.

Қараша айында «Қызды қырық үйден тыю» 10-11 сынып қыздарына тақырыбында тарих пәні мұғалімі Ж.Мыңбаева қатысуымен қыздар арасында жиын өтті. Жиында Ж.Мыңбаева қыздарға қазіргі жастар арасында дін туралы түсініктің өзгеріп бара жатқанын, қыздардың орамал орап, мешіттерге, түрлі шіркеулерге кетіп қалып жатқанын айтты. Олардың бұрыс ағымды таңдап, кейін өкініп жатқандарын жеткізді. Мектеп оқушыларына салт-дәстүрімізді жоғалатпай, өз дінімізбен дұрыс жолда жүруге шақырды.



Желтоқсан айында ұйымдастырушы-педагог Н.Айтпаева 5-11 сынып қыздарымен «Иманды қыз – аяулы ана» тақырыбында баяндама оқып, оны қыздармен талқылады. Қыздар достық туралы өз ойларын айтып, оның түрлеріне тоқтады.

Сондай-ақ, ДТІЖО К.Доспаева отбасындағы ұл мен қыздың тәрбиесі жөнінде ой қозғап, қыздарымызды инабатты да ибалы болуға шақырды.

Қаңтар айында «Қыз баласына не жарасымды?» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуде мектеп медбикесі Г.Абдиева тақырып аясында баяндама оқып, бейнеролик көрсетті. Жеке бас гигиенасы туралы қыздар да өз ойларын ортаға салды.

Ақпан айында 7-11 сынып қыздары арасында қыздардың бос уақытын тиімді өткізу, олардың жанын сұлулыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

Наурыз айында «Шешеге қарап қыз өсер» тақырыбында «Бойжеткен» қыздар ұйымының қыз балаларға адамгершілік адалдық, әсемдік, әдемілік, іс қимыл, жүріс тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту іс-шарасы өтілді. Ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерге тоқталып, оларды қайта жаңғырту жолдары айтылды. Байқауға барлық сынып қыздары белсене қатысып, бас жүлдені 8 сынып оқушысы Жұмалы Зарина иеленді.



Сәуір айында, жылдық жоспарға сәйкес, «Қыз абыройы- ел абыройы» тақырыбында жиын өткізілді. Жиында тақырыпқа сай баяндама оқылып, қыздарға жаман әдеттерден аулақ болуға кеңес берілді.

Мамыр айында әр сыныптың төрайымдары жыл бойы атқарған іс-шараларына есеп берді. Жыл бой атқарған іс-шаралардың нәтижесі бойынша мектепте қыздар арасында ешқандай келеңсіз оқиға орын алмады.

Ұйым жетекшісі:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to G. Aitlieva.

Г.Айтлеуова

**«Бойжеткен» қыздар ұйымының
2023-2024 оқу жылы атқарған жылдық есебі**

№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ-дегі

«Бойжеткен» қыздар ұйымының 2023-2024 жылы атқарған жылдық есебі

2023-2024 оқу жылына арналып жұмыс жоспары жасалып, ДТІЖО К.Доспаева, мектебіміздің психологы, қыздар ұйымының жетекшісі М.Бекзатова қатысуымен қыздар жиналысы жасалды. Жиналыста қыздарды жылдық жоспармен таныстырып, әр сыныптан қыздар секторын тағайындап, мектептегі қызбаланың киім үлгі туралы айтылды.

Жоспарға сәйкес **қазан айында:** Қыздардың мектеп формасын сақтауы, тәртібі туралы жиналыс жасалып, «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында пікірталас ұйымдастырушы педагогпен болып өтті, мектеп формасын сақтау туралы біршама мәселелер талқыланды.



Қараша айында 9-11 сынып оқушыларымен «Ерте жастағы жүктілік салдары» тақырыбында қыздарға түсіндірме жұмысы жүргізіліп, кеңестер берілді.



Желтоқсан айында 7 сынып қыздары мен аналарымен «Қыз намысы-ұлт намысы» қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту коуч сабақ өткізілді.



Қаңтар айына жоспарланған «Қызға қырық үйден тыйым» туралы пікірталас болып өтті. Қазақтың қыздарға тиымдарын талдап, қыздармен талқыланды.

Ақпан айында «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» тақырыбына ұйымдастырушы Н.Айтпаевамен дөңгелек үстел өткізілді. Қыздарымыздың өздерін қалай ұстап, қалай киініп, қалай сөйлеуі керектігі туралы кеңестер айтылды.



Наурыз айында оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жинылысы болып өтті. Ерте жүктілікт қыз болашағына түсер қара дақ екені айтылып, кеңестер берілді.



Сәуір айына «Қыз қандай болу керек?» тренинг өткізілді. Оқушы қыздардың тренингте тақырыпқа сай баяндама оқылып, қыздарға жаман әдеттерден аулақ болуға кеңес берілді.

Мамыр айында ұйым қыздарымен жиналыс өткізіліп, жыл қорытындыланды. Әр сыныптың төрайымдары есеп берді. Нәтижесінде, жыл бойына атқарған іс-шаралар қортындысы бойынша мектеп қыздары арасында ешқандай да келеңсіз оқиға орын алмағаны анықталды.

Ұйым жетекшісі:

М.Бекзатова

**«Бойжеткен» қыздар ұйымының
2024-2025 оқу жылының 1 тоқсанына
атқарған есебі**

№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ-дегі

«Бойжеткен» қыздар ұйымының 2024-2025 жылы атқарған жылдық есебі

2024-2025 оқу жылына арналып жұмыс жоспары жасалып, ДТІЖО К.Доспаева, мектебіміздің психологы, қыздар ұйымының жетекшісі М.Бекзатова, тәлімгер М.Абдраманова қатысуымен қыздар жиналысы жасалды. 5-11 сынып қыздары “Қыз бала – отбасының шырайы”, “Ерте жүктіліктің ертеңі” атты қыздар кеңесі, жиналыста қыздарды жылдық жоспармен таныстырып, әр сыныптан қыздар секторын тағайындап, мектептегі қызбаланың киім үлгі туралы айтылды.



Жоспарға сәйкес **қазан айында:** Қыздардың мектеп формасын сақтауы, тәртібі туралы жиналыс жасалып, «Қыздарға әсемдік жарасады» жаднама таратылды. Мектеп формасын сақтау туралы біршама мәселелер талқыланды.

Ұйым жетекшісі:

М.Бекзатова